

**8D011-Педагогика және психология кадрларды даярлау (6D010300-Педагогика және психология) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Таженова Гульсара Сериковнаның «Студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары» тақырыбындағы диссертациясына  
РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертацияның басты идеясы ҚР «Білім туралы» Заңы, «Цифрлы Қазақстан», «Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» және 2018 жылы қабылданған «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы ҚР Заңында» келтірілген баптарына сәйкес келеді.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы); 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету).	Г.С.Таженованың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Сонымен қатар зерттеу жұмысы мемлекет қаржыландыратын: 8. Білім және ғылым саласындағы зерттеулер. 8.1. ХХІ ғасырдағы білім, ғылым, мәдениет және спорт проблемаларын іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеу. 8.1.1 Ғылым және технологиялар саласындағы зерттеулерді дамытудың өзекті мәселелері сияқты нысаналы бағдарламалар идеясына сәйкестігімен сипатталады.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертанттың зерттеу жұмысы барысында алған ғылыми-практикалық нәтижелері педагогика ғылымының дамуына <b>елеулі үлес</b> қосады. Біріншіден, зерттеу мәселесі бойынша педагогикалық, психологиялық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге теориялық тұрғыдан талдау жасалынған. Зерттеу мәселесінің

			өзектілігі негізделіп, мақсат-міндеттері, пәні, нысаны және ғылыми болжамы айқындалды. Екіншіден, студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-қызметтік моделі жасалынып, психологиялық-педагогикалық шарттары негізделінді. «Медиабілім негіздері» элективті курс бағдарламасы әзірленіп, оқыту үдерісінде тәжірибеден өтті. Үшіншіден, студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастыру бойынша жүргізілген тәжірибелік жұмыстың нәтижелері шығарылып, ғылыми негізделген ұсыныстар, пәннің ОӘК, «Медиабілім және медиақұзыреттілік» атты оқу-әдістемелік құрал әзірленуі ғылымға елеулі үлесін қосады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмыс дербес орындалған, өзекті, жан-жақты зерттелінген, автордың өзі жазу деңгейі <b>жоғары</b> .
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Ақпаратты кедергісіз алатын қоғамда студенттерді олардың кері ықпалынан сақтандыру, антигумандық ақпараттар ағынынан өзін-өзі қорғай алуын, медиақұзыреттіліктерін қалыптастырудың өзектілігі <b>негізделген</b> .
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертация жұмысының мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша диссертация тақырыбын <b>толық айқындайды</b> .
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына <b>сәйкес</b> келеді. Алынған нәтижелер диссертанттың міндеттерді толық жүзеге асыра алғандығын көрсетеді және дәлелділігі мен сенімділігін растайды. Зерттеудің мақсаты студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастыру мәселесін теориялық тұрғыда негіздеуді, психологиялық-педагогикалық шарттар кешенін айқындап тәжірибеден өткізуді,

			<p>ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беруді орындаумен сәйкес келеді.</p> <p>Зерттеудің міндеттері зерттеудің мақсатын нақтылай келе, «Студенттердің медиақұзыреттілігі» ұғымының мәнін нақтылап, құрылымын, «медиабілім», «медиақұзыреттілік» түсініктерімен өзара байланысын айқындаумен, студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-қызметтік моделін жасаумен, студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың тиімділігін арттыруға негіз болатын психологиялық-педагогикалық шарттарды негіздеумен, педагогикалық бағыттағы мамандар даярлау білім беру бағдарламаларына енгізуге болатын «Медиабілім негіздері» атты элективті курс пен әдістемесін даярлап, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеру, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беруді орындаумен сәйкес келеді.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толық байланысқан;</li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ.</li> </ol>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық тұрғыда <b>толық байланысқан</b> және ішкі бірлігі сақталған. Докторанттың диссертациялық жұмысында ғылыми аппаратқа сәйкес теориялық мәліметтер, анықтаушы және қалыптастырушы эксперименттердің мазмұны мен нәтижелері ұсынылған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сыни талдау бар;</li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген.</li> </ol>	<p>Студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастыру мәселесі теориялық тұрғыда негізделген, құрылымдық-мазмұндық болмысын модельдеу, тәжірибелік-эксперименттік нәтижелері сапалық және <b>сыни талдау</b> арқылы дәлелденген.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> </ol>	<p>Зерттеу мәселесі бойынша: студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-қызметтік моделі жасалған;</p>

		<p>2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u>  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).</p>	<p>психологиялық-педагогикалық шарттар жиынтығы нақтыланып, тәжірибеден өткен; «Медиабілім негіздері» элективті курс бағдарламасы, «Медиабілім және медиақұзыреттілік» атты оқу–әдістемелік құрал, «Педагогика және психология» мамандығы аясында «Медиапедагог» магистрлік білімнің және бакалаврлар даярлаудың үлгі ББ бағдарламалары дайындалып алғаш рет ұсынылған. Сондықтан да оларды <b>толықтай жаңа</b> деуге болады.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?  1) толығымен жаңа;  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).</p>	<p>Зерттеушінің диссертация жұмысындағы қорытындылары <b>толығымен</b> жаңа болып табылады және төмендегідей берілген:  <i>біріншіден</i>, философиялық, психологиялық, педагогикалық еңбектерге талдау жасай отырып, «студенттердің медиақұзыреттілігі» ұғымының мәні мен оның қазіргі кезеңдегі орнын айқындап, қалыптастырудың мүмкіндіктері анықталды; зерттеу алдына қойған міндеттерге сәйкес тұлғаның ізделініп отырған сапасын қалыптастырудың теориялық, әдіснамалық астарлары талданып, ақпараттық қоғам жағдайында медиақұзыреттілікті дамытудың негізі болып табылатын медиабілімнің шетелдерде және Қазақстанда даму тарихы, олардың сипаттамалық белгілері, мақсаттары, міндеттері теориялық тұғырлары мен ұстанымдары айқындалды;  <i>екіншіден</i>, зерттеу жұмысының тірек ұғымдары болып табылатын «медиа», «медиабілім», «медиақұзыреттілік», «сананы билеу» (манипуляция) ұғымдарының мәнін зерттей отырып оларға берілген анықтамалар мен тұжырымдарды жүйеге келтіріліп, жан жақты сипаттама берілді, олардың бір-бірімен өзара байланысы көрсетіліп және аталған түсініктер зерттеу пәніне сәйкес нақтыланды. Сондай-ақ, бұл ұғымдардың өзара қатынасы мен қазіргі қоғамдағы, жеке тұлға дамуындағы, мемлекет дамуындағы, ішкі және сыртқы қарым-қатынас мәселесіндегі маңызы айқындалды;</p>

		<p><i>үшіншіден,</i> студенттердің медиақұзыреттіліктерін қалыптастырудың құрылымдық-қызметтік моделі мотивациялық, танымдық-әрекеттік, бағалаушылық компоненттер мен олардың көрсеткіштерінің, әдіснаманың әрекеттік, құзыреттілік, аксиологиялық, семиотикалық тұғырлары, жан жақтылық, теория мен тәжірибенің бірлігі, тұлғаның әлеуетін дамыту ұстанымдары, біртұтас педагогикалық үрдістің құрамалары: мазмұн, әдіс-технологиялар, құралдар негізделген, зерттеліп отырған сапаның деңгейін анықтайтын әдістер мен әрекеттер жиынтығынан тұратын құрылымы айқындалды және сынақтан өтті;</p> <p><i>төртіншіден,</i> ЖОО-да кәсіби білім алу барысында медикұзыреттілікті қалыптастыруды нәтижелі ететін:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- студенттердің медиаөнімдердің, сананы билеушілік (манипуляция) астарларынан болатын қауіпті түсінуіне жағдай жасау;</li> <li>- студенттердің медиаөнімдерді тұтынуға сыни көзқарасын қалыптастыру;</li> <li>- студенттердің медиамәтіндерді қабылдау және түсіну үрдісін технологиялық қамтамасыз ету (бірлесе талдау) сияқты психологиялық-педагогикалық шарттары негізделіп, тәжірибеден өтті.</li> </ul> <p><i>бесіншіден,</i> студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастыруға арналған «Медиабілім негіздері» атты элективті курс мазмұны әзірленіп, пәнді жүргізудің даярланған әдістемесі сынақтан өтіп, оң нәтижесін берді. Жүргізілген тәжірибелік-эксперимент қорытындысында жоғары оқу орындары оқытушылары үшін пәннің оқу-әдістемелік кешені, медиақұзыреттілікті дамытуға арналған «Медиабілім және медикұзыреттілік» атты оқу-әдістемелік құралы даярланып баспадан шықты. Сондай-ақ, Педагогика-психология бакалавр мамандығы бойынша «БВ01102-</p>
--	--	--

			Медиапедагогика» білім беру бағдарламасының үлгілік жобасы және 7М011 - Педагогика және психология білім беру бағдарламасы бойынша, (Медиапедагог) магистрін дайындау үшін БББ үлгілік жобасы дайындалды.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	Диссертациялық жұмыстың шешімдері заманауи технологияларға негізделген. Өзіндік авторлық жолдары ұсынылғандықтан <b>толығымен жаңа</b> болып табылады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша).	Зерттеу жұмысының барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген</b> және тәжірибелік-эксперимент арқылы дәлелденген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	1.«Студенттердің медиа құзыреттілігі» ұғымын нақтыланып, өзіндік анықтама берілгендігімен бірінші қағидат <b>дәлелденген. Тривиалды емес жаңа</b> болып табылады. Қолдану деңгейі кең және «Студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастыру – заман талабы» (Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Педагогика және психология» ғылыми-әдістемелік журналы. – Алматы, - 2016. - №2 (27), - Б.100-104), «Медиабілім ұғымы және оның қалыптасуы мен дамуы» (Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы. – Алматы, - 2019. №3(63), Б.169-176) атты мақалаларында дәлелденген. 2.Екінші қағидат студенттердің медиақұзыреттіліктерін қалыптастырудың мотивациялық, танымдық-әрекеттік, бағалаушылық компоненттер мен олардың көрсеткіштерінің, әдіснаманың іс-әрекеттік, құзыреттілік, аксиологиялық, семиотикалық тұғырлары мен ұстанымдары, біртұтас

		<p>педагогикалық үрдістің құрамалары: мазмұн, әдіс технологиялар, құралдар негізделген, зерттеліп отырған сапаның деңгейін анықтайтын әдістер мен әрекеттер жиынтығынан тұратын құрылымдық-қызметтік моделінің жасалуы арқылы дәлелденеді. <b>Жаңа және тривиалды емес. Кең деңгейде</b> қолдану мүмкіндігі бар. «Студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары» (Абай атындағы ҚазҰПУ /"Жамбыл Жабаев және жаңа сын-тегеуріндер дәуіріндегі ұлттық тәрбие мәселелері" атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы. Алматы, 9-10 желтоқсан 2021ж. Б.302-307), «Студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-қызметтік моделі» (Абай атындағы ҚазҰПУ /"Жамбыл Жабаев және жаңа сын-тегеуріндер дәуіріндегі ұлттық тәрбие мәселелері" атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы. Алматы, 9-10 желтоқсан 2021ж. Б.171-176), мақалаларында дәлелденген.</p> <p>3.Үшінші қағидаттың <b>дәлелділігін</b> студенттердің медиақұзыреттіліктерін қалыптастырудың өзара байланыстағы психологиялық- педагогикалық шарттарды айқындап, сынақтан өткізуі көрсетеді. Қағидат <b>тривиалды емес, жаңа</b> болып табылады. Қолдану деңгейі кең. «Pedagogical Conditions for Forming the Media Competence among Students of Higher Education» (1st eurasian conference on language and social sciences crystal admiral resort suites&amp; spa side, Kızılot, Antalya, Turkey may 22 - 24, 2017. – P.163-167), «Pedagogical conditions for formation of media competence among students in the process of higher professional education» (AD ALTA: Journal of Interdisciplinary Research / Volume 9, Issue 1, Special Issue V., 2019 Number of issues per year: 2 The Authors (March, 2019) P.6-11), «Developing media competence as a part of vocational training of would-be teachers» (Opción, Año 35, Especial (Венесуэла) No.20 (2019): 1009-1025</p>
--	--	---

			ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477-9385) мақалаларында көрініс тапқан. 4. «Медиабілім негіздері» - атты элективті курс мазмұнының жасалуымен, оны игерудің интербелсенді, проблемалық, эвристикалық және медиаөнімдерін талдаудың арнайы әдістемелері мен шығармашылық сипаттағы практикалық тапсырмалардың тәжірибеден өтіп, оң нәтиже беруімен, төртінші қағидат дәлелденеді. <b>Жаңа және тривиалды емес. Кең деңгейде</b> қолдану мүмкіндігі бар. «Psychological and pedagogical conditions for the development of students' media competence» (Elementary Education Online 20 (2021), 813-823) мақаласында көрініс тапқан.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы-негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Зерттеу барысында басшылыққа алынған әдіснаманың іс-әрекеттік, құзыреттілік, аксиологиялық, семиотикалық тұғырлары мен ұстанымдары ғылыми тұрғыда негізделген. Әдістер нақты жазылған және тиімділігі дәлелденген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың нәтижелерін алуда <i>теориялық</i> (философиялық, әлеуметтанушылық, психологиялық, педагогикалық және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, сараптамалық шолу әдісі, қорытындылау, салыстыру т.б.); <i>эмпирикалық</i> (сауалнама, әңгімелесу, педагогикалық бақылау, тестілеу, педагогикалық эксперимент) әдістері қолданылған. Алынған нәтижелерді өңдеудің <i>математикалық-статистикалық</i> , компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау жасалған.
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және аңдылықтар эксперименттік зерттеулер мен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша	Теориялық қорытындылар Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, М.Х.Дулата атындағы Тараз өңірлік университеттерінде жүргізілген эксперименттік зерттеулерде <b>дәлелденген және расталған.</b>



		<p>даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасау арқылы <b>расталған.</b></p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Пайдаланылған <b>229</b> әдебиеттер тізімі <b>әдеби шолуға жеткілікті.</b></p>
9	<p>Практикалық құндылық принципі</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертацияның <b>теориялық маңызы бар.</b> Себебі:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жоғары мектеп педагогикасының теориясы осы еңбекте қолданылатын «медиабілім», «медиақұзыреттілік», «студенттердің медиақұзыреттілігі» ұғымдары мәнінің нақтылануымен, зерттеушінің берген өзіндік анықтамасымен толықтырылған;</li> <li>- студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық–қызметтік моделі жасалған;</li> <li>- ЖОО-да студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың тиімділігін арттыратын: медиаөнімдерінің сананы билеушілік астарларынан болатын қауіпті түсінуіне жағдай жасау; медиаөнімдерді тұтынуға сыни көзқарасын қалыптастыру; студенттердің медиамәтіндерді қабылдау және түсіну үрдісін технологиялық қамтамасыз ету сияқты психологиялық-педагогикалық шарттар жиынтығы нақтыланып, негізделген.</li> </ul>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы бар. Өйткені: зерттеу барысында дайындалған «Медиабілім негіздері» элективті курс бағдарламасы, «Медиабілім және медиақұзыреттілік» атты оқу–әдістемелік құрал, «Педагогика және психология» мамандығы аясында «Медиапедагог» магистрлік білімнің және бакалаврлар</p>

			даярлаудың үлгі ББ бағдарламалары ЖОО және арнаулы оқу орындары тәжірибесінде, мұғалімдердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институттары білім беру үдерісі практикадасында қолдану мүмкіндігі жоғары.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Зерттеу жұмысы аясындағы практикалық ұсыныстар <b>толығымен жаңа</b> және зерттеудің бұл практикалық нәтижелерін жоғары және арнаулы оқу орындары тәжірибесінде, мұғалімдердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институттары мен жалпы орта білім беретін мектептердің білім беру үдерісінде пайдалану білім алушылардың медиасауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертант академиялық жазу ерекшеліктеріне сай, ғылыми стильді ұстанып зерттеу жұмысын орындаған. Диссертациялық жұмыстың құрылымын ресімдеу белгіленген талаптарға сәйкес орындалған. Сонымен қатар диссертациялық жұмыс жүйелі тұрғыда жазылған және академиялық жазу сапасы жоғары.

**Шешім: Таженова Гульсара Сериковнаның 8D011-Педагогика және психология кадрларды даярлау бағыты бойынша (6D010300-Педагогика және психология) философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.**

**Ресми рецензент, PhD докторы,  
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің  
Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының  
қауымдастырылған профессоры**

**Б.Т.Керимбаева**

«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

**ҚОЛЫН РАСТАДЫМЫН**

Кадр бөлімінің бастығы \_\_\_\_\_  
« 28 » \_\_\_\_\_ 20 22 ж.

